

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 шілдедегі № 18/144 шешімі. Қарақия ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 21 тамызда № 11-4-91 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2012 жылғы 02 ақпандағы № 1/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарақия ауданы мәслихатының 2012.02.02 № 1/13 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі» бекітілсін.

2. Әлеуметтік қолдау шараларының мөлшері:

- 1) Жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) Тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау - алты жүз отыз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

3. Мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит он бес жыл мерзімге беріледі, кредит бойынша сыйақы ставкасы кредит сомасынан жылдың 0,01 % - мөлшерінде белгіленеді.

4. Осы шешім алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Көшенов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Мееров

« К Е Л І С І Л Д І »

Аудандық жұмыспен қамту және

17 шілде 2009 ж.

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 7

ш і л д е д е г і

№ 18/144 шешімімен бекітілген

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі

1. Осы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі (бұдан әрі-Ереже) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі және «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2008 жылғы 4 желтоқсандағы заңдарына сәйкес әзірленді және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну шарттары мен тәртібін белгілейді.

2. Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін аудан әкімдігі аудандық мәслихаттың депутаттарынан, ауданның атқарушы органдарының және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен тұратын тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады.

3. Ауылдық аймақтарды дамыту жөніндегі аудандық уәкілетті орган комиссияның жұмыс органы болып табылады (бұдан әрі – жұмыс органы).

4. Аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мамандарға тұрғын үй сатып алу үшін кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырыс шартын жасасады.

5. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маман жұмыс органына мынадай құжаттарды:

- 1) осы Ереженің 1 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесін;
- 4) тиісті елді мекенде тұратынын растайтын азаматтарды тіркеу кітабының (

үй кітабының) немесе анықтаманың көшірмесін;
5) білімі туралы дипломының көшірмесін (еңбек өтілі жоқ тұлғалар үшін);
6) салық төлеушіні тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін;
7) әлеуметтік жеке кодты беру туралы куәлігінің көшірмесін;
8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үйді сатып алу-сату туралы алдын ала шартты ұсынады.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада және көшірме түрінде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқасы маманға қайтарылады.

Осы Ережеде көзделмеген басқа да құжаттарды беруді талап етуге жол берілмейді.

6. Жұмыс органы әлеуметтік қорғау шараларын алуға үміткер мамандардың құжаттарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде комиссияға жібереді.

7. Комиссия жұмыс органынан құжаттардың келіп түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннің ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және аудан әкімдігіне маманға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге ұсыным жасайды.

Әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан бас тартылған жағдайда, жұмыс органы үш жұмыс күні ішінде маманға дәлелді жауап жібереді.

Осы Ереженің 5 - тармағында көзделген дәйектемесіз құжаттарды ұсыну фактісі бас тарту үшін негіз болып табылады.

8. Аудан әкімдігі комиссияның ұсынымдары келіп түскен сәттен бастап он күнтізбелік күннің ішінде мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды.

9. Осы Ереженің 8 - тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін жеті күнтізбелік күннің ішінде аудан әкімі, маман мен сенім білдірілген өкіл (агент) арасында осы Ереженің 2 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім жасалады.

10. Келісім жасалғаннан кейін:

1) жұмыс органы жеті күнтізбелік күннің ішінде көтерме жәрдемақысының сомасын 2009 жылғы 1 шілдеден бастап мамандардың жеке есеп шоттарына аударды;

2) сенім білдірілген өкіл (агент) отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап маманға тұрғын үй сатып алуға кредит береді.

11. Маманның кредит бойынша міндеттемелерін орындауы сол сатып алған тұрғын үй кепілдігімен қамтамасыз етіледі.

12. Бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына бақылау жасау

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесіне
1- қосымша

_____ облысы
_____ ауданының әкімі

т е г і , а т ы - ж ө н і

м е к е н ж а й ы н д а т ұ р а т ы н

ж ұ м ы с о р ы н , қ ы з м е т і

өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты

Өтініш

Сізден жасалған келісімнің (қоса беріліп отыр) мөлшерінде және шарттарында маған көтерме жәрдемақы төлеуіңізді және/немесе тұрғын үйді алуға бюджеттік кредитті ресімдеуге құқық беруіңізді сұраймын. _____

күні қолы

Құжаттар қабылданды:

20__ жылығы « _____ » _____

Қолы құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

кесу сызығы

Өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін. Дұрыс емес мәліметтер мен жасанды құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Азамат _____ өтініші қоса берілген _____ дана

санында құжаттармен бірге 20__ жылғы «___»_____ қабылданды.

колы _____ құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.
Ауылдық елді мекендерге жұмыс
істеу және тұру үшін келген
денсаулық сақтау, білім беру,
әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет
және спорт мамандарына әлеуметтік
қолдау шараларын ұсыну ережесіне
2- қосымша

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы ҮЛПІ КЕЛІСІМ

Елді мекен _____ 20__ жылғы «___» _____
«_____ әкімінің аппараты» мемлекеттік
мекемесі басшысы _____ атынан, әрі қарай «**Әкімші**» деп аталатын, бір тараптан, әлеуметтік көмек алушы, _____
_____, бұдан әрі «**Алушы**» деп аталатын басқа тараптан және
бұдан әрі «**Сенім білдірілген өкіл (агент)**» _____
үшінші тараптан, төмендегілер туралы осы өзара бірлескен міндеттемелер
Келісімін жасасты:

1. Келісімнің мәні

Тараптар, өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, ешқайсысының тарапынан мәжбүр етілмей, тараптар өздеріне толық көлемде орындалуы тиісті міндеттемелер қабылдайды, атап айтқанда:

1. **Әкімші**, _____
мәслихатының (200__ жылғы «___» _____ №_____) шешімінің
негізінде өзіне мынадай түрдегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға
міндеттемелер _____ қабылдайды:

1) _____ теңге _____
мөлшерінде _____ көтерме _____ жәрдемақы;

2) _____ жыл мерзімге _____
_____ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға
бюджеттік кредит.

2. Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде _____ елді мекенінде орналасқан _____ (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт) ұйымында кемінде бес жыл уақыт қызмет істеуге міндеттеме қабылдайды.

3. Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне шарт тапсырма негізінде Әкімшінің атынан және есебінен және оның нұсқамаларына сәйкес бюджеттік кредиттеуге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

1 . Ә к і м ш і :

1) Алушыдан осы келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

2 . Ә к і м ш і :

1) аудан әкімдігінің қаулысы қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде және осы келісім негізінде көтерме жәрдемақының тағайындалған сомасын алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

3 . А л у ш ы н ы ң :

1) комиссияның жұмыс органының талабы бойынша қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде таңдауға;

2) Бес жыл мерзім өткенге дейін, өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасына байланысты басқа елді мекендерге жұмысқа ауысқан кезде алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

4 . А л у ш ы :

1) әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап 60 күннің ішінде комиссияның жұмыс органына бюджет қаражатының мақсатты пайдаланғаны туралы растаушы құжаттарды беруге;

2) меншігіне сатып алынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін сенім білдірілген өкілге (агентке) тұрғын үйге арналған құжаттардың түпнұсқасын осы келісімді кемінде бес жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) жұмыс органына тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) осы келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаражатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) қарыз алушымен есеп айырысуды жүргізуге;

2) қарыз алушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы

б а р .

6. Сенім білдірілген өкіл (агент):

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;
- 2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған маман міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуге;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қарыз алушылардан берешектерді өндіріп алуды жүзеге асыруға міндетті.

3. Дауларды шешу

- 1) Осы келісімді орындау кезінде пайда болуы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігіне қарай тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.
- 2) Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

4. Келісімнің қолданылу мерзімі

- 1) Осы келісім тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Келісімнің қолданысы 20__ жылғы «__» _____ басталады.
- 1) Келісім бірдей заң күші бар үш данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекен-жайлары **Өкімші** **Алушы** **Сенім білдірілген өкіл (агент)**
